

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы N 683 және 2000 жылғы 27 шілдедегі N 1140 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 15 қыркүйектегі N 871 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 8 қыркүйектегі № 552 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.09.2017 № 552 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңесті құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы N 683 қаулысында :

2, 3, 4, 5, 7 және 8-тармақтар алынып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері әкімдіктер жанынан діни бірлестіктермен байланыстар жөнінде кеңестер құрсын, кеңестер туралы ережелер мен олардың құрамдарын бекітсін.";

2) "Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің ережесі мен құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі N 1140 қаулысында ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 31, 387-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңес туралы ережеде:

6-тармақтың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

7-тармақтың 2), 3), 5) және 8) тармақшалары алынып тасталсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Кеңесті Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі басқарады.";

9-тармақтағы "үш айда" деген сөздер "жарты жылда" деген сөздермен ауыстырылсын;

12-тармақта:

2) тармақша "органдардың" деген сөзден кейін "Кеңес құзыретіне қатысты" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"3) Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін Кеңестің отырыстарына шақыруға";

4) тармақша "азаматтардың" деген сөздің алдынан "заңнаманы жетілдіру және" деген сөздермен толықтырылсын;

б) тармақша алынып тасталсын;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Кеңес төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, отырыстарында төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдердің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Төраға болмаған кезде оның функциялары төрағаның орынбасарына жүктеледі.

14. Кеңес жұмысын ұйымдастыруды, тиісті құжаттарын дайындауды және отырысының хаттамаларын ресімдеуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Діни істер комитеті Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

Отырысқа материалдар Кеңес мүшелеріне ол өткізілгенге дейін кемінде 3 күн бұрын жіберіледі.";

15-тармақ алынып тасталсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Кеңестің құзыретіне қатысты қажетті материалдарды әзірлеу үшін ұйымдар, сондай-ақ ғалымдар мен жоғары білікті мамандар тартылуы мүмкін.";

18-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің құрамы осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н  
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2006 жылғы 15 қыркүйектегі  
N 871 қаулысына  
қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2000 жылғы 27 шілдедегі  
N 1140 қаулысымен  
бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Діни бірлестіктермен байланыстар жөніндегі кеңестің құрамы

Балиева - Қазақстан Республикасының Әділет  
Зағипа Яхияқызы министрі, төрайым

Тоғжанов - Қазақстан Республикасы Әділет  
Ералы Лұқпанұлы министрлігі Діни істер комитетінің  
төрағасы, төрайымның орынбасары

Төлесов - Қазақстан Республикасы Әділет  
Қайрат Бақтыбайұлы министрлігінің Діни істер комитеті  
төрағасының орынбасары, хатшы

Досжан - Қазақстан Республикасы Президентінің  
Ардақ Дүкенбайұлы Әкімшілігі Әлеуметтік-саяси  
бөлімінің меңгерушісі

Бабақұмаров - Қазақстан Республикасының Мәдениет  
Ержан Жалбақұлы және ақпарат вице-министрі

Жошыбаев - Қазақстан Республикасының Сыртқы  
Рәпіл Сейітханұлы істер министрінің орынбасары

Өтеулина - Қазақстан Республикасының Білім және  
Хафиза Мұхтарқызы ғылым вице-министрі

Шпекбаев - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Алик Жатқамбайұлы вице-министрі

Байқадамов - Қазақстан Республикасындағы Адам  
Болат Кенжекешұлы құқықтары жөніндегі уәкілетті өкіл

Әлкенов - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Нұрлан Қаратайұлы қауіпсіздік комитетінің  
Департаменті бастығының орынбасары

Мұхамеджанов - Қазақстан Республикасының Парламент  
Төлеген Мұхамеджанұлы Мәжілісінің депутаты

Дербісәлі - Бас мүфти, Қазақстан мұсылмандары  
Әбсаттар қажы діни басқармасының төрағасы

Мефодий - Қазақстан Республикасындағы Орыс  
(Немцов православие шіркеуі Митрополиттік  
Николай Федорович) округінің басшысы, Астана және  
Алматы Митрополиті

Терещенко - Қазақстан халықтары Ассамблеясы  
Сергей Александрович төрағасының орынбасары

Мұстафина - Астана қаласы әкімінің орынбасары  
Сәбила Сапарқызы

Нысанбаев - Қазақстан Республикасы Білім және  
Әбдімәлік Нысанбайұлы ғылым министрлігі "Философия және  
саясаттану институты" республикалық

мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының

директоры

Керім Шамшәдин - "Нұр-Мұбарак" Египет ислам

мәдениеті университеті" жеке

мекемесінің проректоры

Иванов - Алматы қаласы әкімінің діни

Владимир Александрович бірлестіктермен жұмыс мәселелері

жөніндегі бас инспекторы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК